

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1296 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің
1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығына
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерін құру, қайта ұйымдастыру және олардың қызметін тоқтату тәртібін реттеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 47, 430-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық ж а р ғ ы с ы н д а :

мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

" 3 - 1 - б а п . К о н с у л д ы қ м е к е м е л е р

1) бас консулдықтар - Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының;
2) консулдықтар, вице-консулдықтар және консулдық агенттіктер - Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының;

3) консулдық бөлімдер - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бұйрықтарының негізінде құрылады, қайта ұйымдастырылады және өз қызметін тоқтатады".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК